

ӘОЖ 10.81.01

Ш.Б. Маликова*, А.М. Ергали

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: msholpan7876@mail.ru

Іс-әрекетті криминализациялаудың негіздері мен себептерінің кейбір сұрақтары туралы

Мақалада қылмыстық құқық ғылымындағы және қылмыстық заңнаманы түзу барысындағы күрделі мәселелердің бірі іс-әрекеттерді криминализациялау мәселелері қарастырылған. Іс-әрекеттерді криминализациялаудың негіздері мен себептері зерттелінген. Криминализацияны жүргізудің жағымсыз салдары талданыла отырып, қылмыстық құқықтық әдебиеттердегі авторлардың көзқарастары зерделенген. Сонымен қатар, криминализацияның негізі мен себептерінің ара қатынасы анықталған.

Түйін сөздер: криминализация, негіз, себеп, іс-әрекет, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық саясат.

Sh. Malikova, A. Yergali

Some questions about the basics and reasons of acts criminalization

In this article considered questions about criminalization in criminal law science. Researched the basics and reasons criminalization of acts. Researched views of criminal law literature authors and negative consequences. Also, researched the value between basics and reasons of criminalization.

Key words: criminalization, basic, reason, criminal responsibility, criminal policy.

Ш.Б. Маликова, А.М. Ергали

О некоторых вопросах оснований и причин криминализации деяний

В статье рассмотрены актуальные проблемы науки уголовного права касающиеся вопросов криминализации деяний, в том числе возникающие в процессе совершенствования уголовного законодательства. Исследованы основания и причины криминализации деяний. В ходе изучения негативных последствий криминализации, проведен анализ существующих в научной литературе взглядов различных авторов. Кроме того определено соотношение оснований и причин криминализации.

Ключевые слова: криминализация, основание, причина, деяние, уголовная ответственность, уголовная политика.

Криминализация белгілі бір қоғамға қауіпті іс-әрекетті ол үшін қылмыстық жауаптылықты белгілей отырып, қылмыстық іс-әрекеттің қатарына жатқызуды көрсетеді.

Криминализация қылмыстық-құқықтық саясаттың әдісі ретінде, жаңа қылмыстық заңды қабылдау кезінде, қылмыстың жалпы белгілері, қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен шарттары, қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері мен шарттары жасалып шығарылғанда,

олардың белгілерін нақты анықтай отырып, қылмыстардың жеткілікті тізбегі жасалғанда және т.б. жағдайларда кеңінен қолданылады. Осы кезде криминализацияның мақсаты болып, қылмыстық-құқықтық тыйымның біртұтас жүйесін құру табылады.

Сонымен қатар, криминализацияның бастапқы көлемі жаңа кодификация кезінде де онша үлкен емес екендігін атап өтуіміз қажет. Бұл қоғамдағы криминализацияның

ауыспалылығымен түсіндіріледі: мысалы, адам өлтіру мен ұрлық кез келген қоғамдық-саяси құрылыс кезінде де қылмыс болып саналады. 1997 жылы кодификация жүргізу нәтижесінде Қазақстан Республикасында алғаш рет, мысалы жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 191-бабы), заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру (ҚР ҚК 193-бабы), кредитті заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану (ҚР ҚК 194-бабы), тауар белгісін заңсыз пайдалану (ҚР ҚК 199-бабы) және т.б. қылмыс болып танылды. 2014 жылғы кодификация нәтижесінде Қазақстан Республикасында адамды клондау (ҚР ҚК 129-бабы), кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкелуі (ҚР 143-бабы), қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (ҚР ҚК 217-бабы) және т.б. қылмыс ретінде қарастырылды. Қазақстан Республикасы үшін криминализацияның бастапқы аясы мемлекет өмірінде орын алған жаңа экономикалық қатынастар саласында болды.

Криминализация, сонымен қатар қылмыстық-құқықтық нормалардың кодификациясының арасында да қолданылады. 1998 жылы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі күшіне енгеннен кейін, кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту, кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу, қинау, қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі жасау, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қол сұғушылық. Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау, сатып алу, өткізу, сақтау, сондай-ақ олардың шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз мұнай өңдеу, өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу, жеке кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз мәміле (мәмілелер) жасасуы, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатсыз пайдалану, бағалы қағаздар эмитентті лауазымды адамының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді жоғалту, төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу, салық төлеушінің салық берешегі есебіне билік ету шектелген мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекеттері, рейдерлік, ұялы байланыстың абоненттік құрылысының сәйкестендіру кодын, абоненттің сәйкестендіру құрылысын құ-

қыққа сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылысының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды жасау, пайдалану, тарату, терроризмді не экстремизмді насихаттау немесе терроризм не экстремизм актісін жасауға жария түрде шақыру, террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу, террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесу, террористік не экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе дайындау не қаруландыру, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу, бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті жинау, сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу, сапасыз құрылыс, ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу, заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды жасау және айналымға шығару не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту, адам мәйітінің органдары мен тінін заңсыз алу, құбыржолдарды абайсызда зақымдау немесе қирату, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына ешкімнің тиіспеушілігі кепілдіктерін бұзу, прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау, елден шығарып жіберу туралы шешімді орындамау, заңсыз көші-қонды ұйымдастыру, Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану қағидаларын бірнеше рет бұзу, қоғамдық немесе діни бірлестіктің не

өзге де ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы сот шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру, билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, биліктің әрекетсіздігі сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер криминализацияланды.

Сәйкесінше, ҚР ҚК 138-1, 141-1, 150-1, 166-1, 183-1, 184-1, 192-1, 194-1, 202-1, 205-1, 216-1, 222-1, 226-1, 227-1, 233-1, 233-2, 233-3, 233-4, 235-1, 235-2, 235-3, 235-4, 245-1, 246-1, 269-1, 273-1, 275-1, 304-1, 310-1, 317-1, 317-2, 321-1, 330-1, 330-2, 330-3, 337-1, 380-1, 380-2 баптармен толықтырылды.

Қарастырылғандардың негізінде, В.С. Комиссаровтың: Қылмыстық кодекстегі айтарлықтай барлық заманауи өзгерістер «криминализациямен және пенализациямен байланысты болған. Бұл жалпы нормадан ауытқыған үрдіс және оларды өзгерту үшін заңды шаралар қажет» деп айтқаны дұрыс [1, 14-б].

Криминализацияның шеңбері мен көлемінің өзгеруінің себептеріне келесілер жатады:

1) Адамдардың бұрын болмаған қоғамға қауіпті іс-әрекетінің жаңа түрлерінің пайда болуы. Ол 2014 жылғы ҚР ҚК-де қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатсыз пайдалану, археологиялық жұмыстарды заңсыз жүргізу және т.б арналған тараулардың пайда болуына себеп болды.

2) Кезінде әкімшілік заңнамамен реттелген немесе мүлдем құқықбұзушылық ретінде танылмаған адамзат мінез-құлқының жеке түрлерінің жағымсыз динамикасы. Осыған байланысты 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, мысалы ұрып-соғу, денсаулыққа қаса-қана жеңіл зиян келтіру, ұсақ-түйек жымқыру және тағы басқа құрамдар пайда болды.

3) Адам үшін қауіпті ғылым мен техника саласын дамытатын ғылыми-техникалық үдеріс. Бұл себеп, мысалы, 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтар тарауының дербес қарастырылуына; адамды клондаумен байланысты іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеуге негіз болды.

4) Жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтудің қажеттілігі (азаптаулар, кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының

енбек заңнамасын бұзу, ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу және тағы басқаларын криминализациялау).

5) Қылмыстық іс-әрекеттің бұрындары жүргізілген декриминализациясының қателіктері.

Соңғы көрсетілген криминализацияның шеңбері мен көлемінің өзгеруінің себебіне толығырақ тоқталып өтуіміз қажет. Қате декриминализацияға 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінен 1991 жылы діни рәсімдерді орындау сипатымен азаматтардың жеке тұлғасына және құқықтарына қол сұғушылық құрамын алып тастауды жатқызуға болады. Бұл қателіктің салдарынан әртүрлі ағымдағы діни бірлестіктердің қызметі жандана түсті. Осының нәтижесінде ұқсас бірлестіктерге тартылған адамдардың саны, сондай-ақ олардың физикалық және психикалық денсаулығына келтірілген залал мөлшері бірнеше есеге өсті. Сондықтан да, іс-әрекет Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінде қылмыс болып 337-бабында көрсетілген, ал 2014 жылғы Қылмыстық кодексте 404-бапта бейнеленген.

Криминализация – қылмыстық-құқықтық саясаттың аса маңызды элементі. Ғылымда криминализацияның негізі мен қағидалары туралы айту қалыптасқан. «Криминализацияның негізі» атты термин ең алғаш рет Г.А. Злобинмен ұсынылған [2, 74 б]. В.Н. Кудрявцев әрекеттің белгілі бір түрін заңнамамен тыйым салу қажеттілігінің туындау негіздері туралы айтқан, бұл жерде (негіз ретінде) ол қоғамдық зияндарды (атап айтқанда, залалдың мөлшерін), көп таралғандықты, басқа тәсілдермен жол бермеудің мүмкін еместігін түсінген [3, 48 б.]. Қазіргі кезде негіз криминализацияны туғызатыны, ол жаңа қылмыстық-құқықтық норма немесе нормалар жүйесінің әлеуметтік қажеттілігін көрсететіні сөзсіз.

В.Н. Кудрявцев және В.В. Лунеевтің айтуынша, криминализацияның негізі – бұл айтарлықтай әртүрлі бола алатын оның әлеуметтік себептері. Мұндай себептердің қатарына олар, мысалы, қоғамдық қатынастардың жаңа топтарының пайда болуын немесе елеулі дамуын, бұрындары аз кездескен белгілі бір іс-әрекет түрінің таралуын, мемлекеттегі әлеуметтік-саяси ахуалдың елеулі түрде өзгеруін жатқызады [3, 111 б.].

Криминализацияның негіздері бойынша мұндай көзқарасты Г.А. Злобин ұстана отырып, криминализацияның негіздері өзінің сипаты бойынша «айтарлықтай әркелкі. Мұндай сипатта ең бастысы қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің белгілі бір түрінің жағымсыз динамикасы

бола алады. Криминализацияның негізі болып экономикалық немесе техникалық үдеріс негізінде болатын қоғамдық қатынастардың жаңа тобының пайда болуы немесе елеулі дамуы бола алады», – деп көрсетеді. Автор сонымен қатар, криминализацияның негізі ретінде «адамдардың шаруашылық немесе басқа да қызметінің зиянды зардаптарын табуды», «соғыстың, дүлей апаттың, құрғақшылықтың немесе басқа да жағдайлардың нәтижесінде әлеуметтік, экономикалық немесе саяси жағдайдың кенеттен өзгеруін», «бұрындары көнуге тура келген төзбестікті, кейбір іс-әрекеттердің ерекше қауіптілігін анықтайтын, толық немесе әлеуметтік ақиқаттың бөлек аясындағы қоғамның дамуын», «халықаралық келісімдер бойынша міндеттемелерді орындаудың қажеттілігін» бөліп көрсетеді. Бұл ретте Г.А. Злобин «криминализацияның негізі – бұл қылмыстық-құқықтық норманың пайда болуының немесе өзгеруінің нақты алғы шарттары, әлеуметтік себептері» деп арнайы атап өткен [2, 105 б.].

Криминализацияның себептері мен оның негіздерін теңестіруге болмайды. Соңғысы объективті сипатқа ие; ал криминализацияның себептеріне келетін болсақ, олар әрқашан да объективті бола бермейді. Сөйтіп, В.Н. Кудрявцев және В.В. Лунев: «Тәжірибеде көбінесе әлеуметтік ақиқат өзгеруін ғылыми зерттеу емес, мүлдем кездейсоқ жағдайлар (мүмкін, қоғамдық резонансты туғызған) криминализацияның себебі болып танылады. Бұл жерде криминализацияның негізі емес, ол үшін себеп орын алып отыр» деп көрсетеді.

Криминализация үшін тек бір ғана негіз бар деп саналады және ол А.И. Коробеевпен берілген криминализацияның жоғарыда көрсетілген түсінігінде нақты көрініс тапқан. Ол негіз болып қылмыстық-құқықтық тыйымды қажет ететін қоғамға қауіпті іс-әрекеттің болуы танылады. Криминализацияның негізі бойынша мұндай көзқарасты А.В. Наумов та ұстанады. Оның айтуынша: «Белгілі бір іс-әрекеттерді криминализациялаудың жалпы негізі (декриминализация сияқты) болып олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесінің қайта бағалануы танылады» [4, 46 б.]. Алайда, бұл ереже нақты емес; бұл жерде қауіптің қайта бағалануы емес, оның бар болуы маңызды.

А.И. Коробеевтың өзі, осы кезде криминализация негізінің мәселесіне басқаша қарайды. Ол үш әртүрлі, алайда бір-бірімен байланысты және бір-біріне тәуелді негіздердің топтарын қосатын, криминализация негізінің толықтай жүйесін

ұсынған. Олар: 1) заңи-криминологиялық; 2) әлеуметтік-экономикалық 3) әлеуметтік-психологиялық [5, 69 б.]. Оның айтқандарын А.Д. Антонов та қайталап, криминализацияның негіздері ретінде (дәл осылай, көпше мағынада) белгілі бір құндылықтардың қылмыстық-құқықтық қорғалуының объективті қажеттілігін туғызатын жағдайларды түсіну қажет екендігін айтып көрсетеді [6, 15 б.].

Бұл жерде «криминализацияның негізі», «криминализацияның қағидалары», «криминализацияның шарттары» деген түсініктердің араласуы болып отыр. Шынында да, А.И. Коробеевпен бөлініп көрсетілген «қылмыстық юстиция жүйесінің мүмкіншіліктерін» немесе «қылмыстық-құқықтық тыйымдардың мүмкін болатын қосалқы зардаптарының жоқ болуын», «тарихи дәстүрлерді» криминализацияның негіздері ретінде қарастыруға бола ма. Барлық көрсетілген жағдайларда да криминализацияны қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің болуы туғызады. Криминализацияның өзі криминализацияның қағидалары (негізгі идеялары) немесе шарттары ретінде көрініс табатын, аталған факторларды ескере отырып жүргізілуі қажет.

А.И. Коробеевпен бөлініп көрсетілген барлық ережелерді криминализациялауды жүргізу барысында заң шығарушы үшін міндетті болып табылатын талаптар ретінде немесе оның ғылыми алғышарты ретінде түсінуге болады. Олар жөнінде алдында В.Н. Кудрявцев оларды келесі жүйеге келтіре отырып көрсетеді:

1) іс-әрекетке тыйым салудың қажеттілігі (залалдың мөлшері, таралуы, басқа тәсілдермен жоюдың мүмкін болмауы);

2) тыйымға жол берілу (саяси, адамгершілік, құқықтық (ішкі), халықаралық);

3) тыйымды жүзеге асырудың тәжірибелік мүмкіндігі (заңи-қисындық, тергеушілік, соттық, түзетушілік-еңбектік);

4) тыйым мақсаттылығының жалпы бағалануы (қосалқы зардаптар, тұрғындардың психологиялық кертартпалығы, экономикалық бағалау, болашақ үміттері) [3, 49 б.].

Бұл талаптардың кейбіреулері қағидаларға жақын болып келеді.

Ғылымда сонымен қатар криминализацияның себептері мен шарттарын қосатын, криминализацияның факторлары бөлініп көрсетіледі. Н.И. Хавронюк криминализацияның себептеріне келесілерді жатқызады:

1) Парламентпен ратификацияланған халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындаудың қажеттілігі;

2) адамдардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің басты міндеті ретінде бекіту мен қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін құрудың қажеттілігі;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заңдарының ережелерін жүзеге асыруды қамтамасыз етудің қажеттілігі;

4) Қандай да болсын әрекеттердің кең таралу динамикасын зерттеудің криминологиялық нәтижелері;

5) Қоғамның ой-пікірі [7, 448 б.].

Сонымен, жоғарыда баяндалғандарды қорыта келе, іс-әрекетті криминализациялаудың әр уақытта бірдей жағымды бола бермейтіндігін байқаймыз. Криминализациялау қоғамның жауыздықтан өзін қорғаудың мәжбүрлі шарасы болып табылады. Яғни, бұндай көзқарасты ұстануға криминализациялаудың жағымсыз салдары ғана емес, қандай да болмасын іс-әрекетті жасағаны үшін қылмыстық-құқықтық тыйымды енгізу туралы шешімді қабылдау барысында туындайтын күрделі сұрақтар негіз болды.

Әдебиеттер

- 1 Комиссаров В.С. Оценка состояния Уголовного кодекса Российской Федерации и перспективная характеристика законодательной деятельности // Пять лет действия УК РФ: итоги и перспективы: сб. науч. трудов. – М., 2003. – С. 14-21.
- 2 Злобин Г.А. Основания уголовно-правового запрета: криминализация и декриминализация. – М., 1997. – 135 с.
- 3 Кудрявцев В.Н. Научные предпосылки криминализации. Криминология и уголовная политика. – М., 1985. – 185 с.
- 4 Наумов А.В. Российское уголовное право. Курс лекций // В 2 т. Общая часть. – М., 2004. – Т.1. – 687 с.
- 5 Коробеев А.И. Советская уголовно-правовая политика: проблемы криминализации и пенализации. – М., 1983. – 128 с.
- 6 Антонов А.Д. Теоретические основы криминализации и декриминализации: авто-реф. ... канд. юрид. наук. – М., 2001. – 17 с.
- 7 Хавронюк Н.И. Поводы, причины и способы криминализации общественно опасных деяний. Уголовное право: стратегия развития в XXI веке // Материалы Международной научно-практической конференции. – М., 2004, январь 29-30. – С. 448-453.

References

- 1 Komissarov V.S. Ocenka sostoyaniya Ugolovnoogo kodeksa Rossiiskoi Federacii i perspektivnaya rharakteristika zakonodatelnoi deyatelnosti // Pyat let deistviya UK RF: itogi i perspektivy: sbornik nauchnuh trudov. – М., 2003. – S. 14-21.
- 2 Zlobin G.A. Osnovaniya ugolovno-pravovogo zapreta: kriminalizaciya i dekriminalizaciya. – М., 1997. – 135 s.
- 3 Kudryavcev V.N. Nauchnye predposylki kriminalizacii. Kriminologiya i ugolovnaya politika. – М., 1985. – 185 s.
- 4 Naumov A.V. Rossiiskoe ugolovnoe pravo. Kurs lekciy // V 2 t. Obshaya chast.. – М., 2004. – Т.1. – 687 s.
- 5 Korobeev A.I. Sovetskaya ugolovno-pravovaya politika: problemy kriminalizacii i penalizacii. – М., 1983. – 128 s.
- 6 Antonov A.D. Teoreticheskie osnovy kriminalizacii i dekriminalizacii: avtoreferat. ... kand. jrid. nauk. – М., 2001. – 17 s.
- 7 Havronyuk N.I. Povody, prichiny i sposoby kriminalizacii obchestvenno opasnyh deyanii. Ugolovnoe pravo: strategiya razvitiya v XXI veke // Materialy Mezhdunarodnoi nauchno- prakticheskoi konferencii. – М., 2004, yanvar 29-30. – S. 448-453.